




ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Шілде 2025

Шілдеде жылдық инфляция өткен ай деңгейінде қалып, 11,8% болды. Азық-түлік инфляциясының жеделдеуі ақылы қызметтер бағасының өсу қарқынының баяулауымен жабылды, ал азық-түлік емес инфляция аздап жеделдеді.

Айлық инфляция баяулағанына қарамастан, әлі де жоғары болып қалып отыр – 0,7%. Маусымдық факторлар ескерілген инфляция алдыңғы аймен салыстырғанда баяулады.

Барлық тауар компоненті бағасының маусымдық факторлар ескерілген өсу қарқыны баяулады. Алдыңғы аймен салыстырғанда маусымдық факторлар ескерілген азық-түлік бағасының өсуі 1,22%-дан 1,10%-ға дейін, азық-түлік емес тауарлар – 0,98%-дан 0,76%-ға дейін, қызметтер – 0,63%-дан 0,55%-ға дейін төмендеді.

Маусымдық факторларды ескергенде майлар мен тоң майлар, ет, кофе, шай мен какао, жеміс-жидек, балық пен теңіз өнімдері, аудиовизуалды жабдық, жеке күтім заттары, жанар-жағармай, дәрі-дәрмек, тұрмыста және бау-бақшада қолданылатын құралдар мен техника, демалыс, ойын-сауық және мәдениет саласындағы қызметтер, жеке автокөлікті техникалық қызмет көрсету мен жөндеу, жалға алу, сондай-ақ аяқкиім жөндеу мен жалға беру бағасы өскені тіркелді.


Әртүрлі әдістермен есептеген маусымдық факторлар ескерілген базалық инфляцияның медианалық мәні өткен аймен салыстырғанда төмендеп, 0,85% болды (маусымда – 0,9%). Екі жағынан 10% қысқарту арқылы есептелетін және баға деңгейі бойынша ең құбылмалы сегіз құрамдас бөлікті алып тастау арқылы есептелетін базалық инфляция көрсеткіштері де баяулады. Алайда, соған қарамастан, олардың мәні жоғары деңгейде қалып отыр, бұл экономикада проинфляциялық қысым сақталып отырғанын көрсетеді.

1-график. Инфляция көрсеткіштері, а/а, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

2-график. Әртүрлі ТБИ топтары бойынша маусымдық факторлар ескерілген баға өсімі, а/а, аннуал., %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

3-график. Базалық инфляция: әртүрлі есептеу әдістері, а/а, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі


Кей азық-түлік тауарлары бағасының өсуіне жоғары экспорт көлемі, импорттың қымбаттауы мен өндірушілер бағасының өсуі әсер етті. Шілдеде жылдық азық-түлік инфляциясы 11,2%-ға дейін жеделдеді. Айлық өсім – 0,7%.

Әлемдегі ет пен өсімдік майлары бағасының өсуі олардың экспортын ұлғайтуға түрткі болып, ішкі нарықтағы ұсыныстың қысқаруына әкелді. Өндіруші бағаларының өсуі қосымша инфляциялық қысым көрсетті. Кофе, шай, қант, джем, бал және шоколад бағасы өнім өндіруші елдерде өнім көлемінің азаюы аясында импорттың қымбаттауынан өсіп жатыр. Көкөніс бағасының түсуі азық-түлік инфляциясын тежеді.

Азық-түлік емес инфляция тұрақты сұраныс пен кей тауарлардың импорттық бағасының қымбаттауына байланысты қысымда қалды. Жылдық өсім 9,5%-ға дейін жеделдеді, ал айлық инфляция 0,8%-ға дейін баяулады. Автокөліктен басқа азық-түлік емес барлық тауарлардың бағасы да өскен, бұл – тұтыну сұранысының жоғары болуына байланысты. Бұдан бөлек, кейбір тауар позицияларының импорттық бағасы өскені олардың айтарлықтай қымбаттауына әсер етті. Атап айтқанда, дәрі-дәрмек бағасы ары қарай қымбаттап жатыр.


Шілдеде ақылы қызмет бағасының өсуіне тек кейбір нарық қызметтері әсер етті, ал реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызмет тарифтерінде өсім байқалған жоқ. Соның нәтижесінде қызмет көрсету саласындағы жылдық инфляция 14,9%-ға дейін баяулады (2025 жылғы маусымда – 16,1%), ал айлық көрсеткіш 0,5%-ға дейін төмендеді. Бағаның өсуіне ең көп үлес қосқан – тұрғын үйді жалға беру, байланыс, жеке автокөлікті техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ демалыс, ойын-сауық және мәдениет саласындағы қызметтер.

4-график. Азық-түлік инфляциясы, %




Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

5-график. Азық-түлік емес инфляция, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

6-график. Ақылы қызмет инфляциясы, %



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚР ҰБ есептеуі

Азық-түліктің ішкі және сыртқы бағалары

2025 жылдың шілде айында әлемдік азық-түлік нарықтарында инфляциялық қысым күшейді. ФАО азық-түлік бағалары индексі айлық есеппен 1,6%-ға және жылдық есеппен 7,6%-ға өсіп, 130,1 пунктке жетті. Бұл, негізінен, ет пен өсімдік майларының қымбаттауына байланысты болды. Сүт өнімдері бағасы жоғары деңгейде қалып отыр, ал дәнді дақылдар мен қант жалпы бағаның өсуін тежеп келеді.

Дәнді дақылдар шілдеде айлық есеппен 0,8%-ға және жылдық есеппен 3,8%-ға төмендеді. Бидай мен ақ жүгері бағасының төмендеуіне маусымдық ұсыныстың өсуі себеп болды, алайда Солтүстік Америкадағы қолайсыз күн райы, Еуропа мен Қара теңіз аймағынан орындалатын жеткізілімнің шектелуі қатты құлдырауға жол бермеді. Жүгері Шығыс Еуропа мен Украинадағы қуаңшылық, сондай-ақ Аргентина мен Бразилия экспортының қысқаруы аясында қымбаттады. Күріш бағасы жоғары ұсыныс пен әлсіз сұранысқа байланысты ары қарай төмендеп барады.

Өсімдік майының бағасы кейінгі үш жылдағы ең жоғары деңгейге жетті: пальма және соя майы – жоғары сұраныстан, күнбағыс майы Қара теңіз аймағынан жеткізілімнің азаюынан қымбаттады. Ал рапс майының бағасы Еуропада ұсыныстың артуы нәтижесінде төмендеді.

Ет бағасы сиыр мен қой етінің қымбаттауына байланысты жаңа рекорд орнатты, бұл жоғары сұраныс пен шектеулі ұсыныс, сондай-ақ Бразилияда құс етінің қымбаттауына байланысты болды. Ал шошқа етінің бағасы ЕО-да ұсыныстың артуы мен сыртқы сұраныстың әлсіздігіне байланысты төмендеді.

Сүт өнімдері 2024 жылғы сәуірден бері алғаш рет арзандап отыр: май мен құрғақ сүт бағасы Океаниядағы өндіріс пен экспорттың өсуінен төмендеді. Ал ірімшік бағасы Азия мен Таяу Шығыстағы тұрақты сұраныс пен ЕО-тағы ұсыныстың азаюы аясында қымбаттау үрдісін жалғастырды.

Қант бағасы Үндістан, Таиланд пен Бразилиядағы өндіріс қалпына келеді деген болжамға байланысты бес ай қатарынан төмендеп отыр. Дегенмен импорт сұранысының артуы бағаның одан әрі құлдырауын тежеді.

Сыртқы және ішкі бағалар арасындағы алшақтық қант пен дәнді дақылдар бойынша әлі де жоғары. Өсімдік майлары мен сүт өнімдеріне ішкі бағалар әлемдік бағалардан төмен, алайда олардың әлем бойынша жедел өсуі өндірушілердің күтулерін арттырып, бағаны ары қарай қымбаттатуы мүмкін. Тағы бір қауіп ет бағасындағы алшақтықтың қысқаруына байланысты туындап отыр.

1-таблица. Азық-түліктің ішкі және сыртқы бағалары (желт.2019=100)

	2024		2025		
	Шілде	Желтоқсан	Мамыр	Маусым	Шілде
Дәнді дақылдар (ФАО)	140,9	155,1	149,5	148,0	150,9
Ұн ТБИ	195,5	199,2	198,9	199,1	200,0
Баға айырмашылығы, п.т.	54,6	44,0	49,4	51,1	49,1
Өсімдік майы (ФАО)	164,9	216,6	200,4	206,2	226,9
Өсімдік майы ТБИ	145,2	168,7	182,6	185,6	190,5
Баға айырмашылығы, п.т.	19,7	48,0	17,8	20,6	36,4
Қант (ФАО)	178,5	195,0	176,2	167,7	171,9
Қант ТБИ	221,0	207,0	225,7	227,3	229,1
Баға айырмашылығы, п.т.	42,4	12,0	49,5	59,6	57,2
Ет (ФАО)	140,3	153,0	154,8	159,5	165,7
Ет ТБИ	153,3	155,1	168,2	170,2	173,5
Баға айырмашылығы, п.т.	13,0	-2,1	13,4	10,8	7,7
Сүт өнімдері (ФАО)	153,1	185,9	198,2	201,8	207,1
Сүт өнімдері ТБИ	173,2	180,2	183,5	183,5	184,2
Баға айырмашылығы, п.т.	20,2	5,8	14,8	18,3	22,9

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, UN FAO, ҚР ҰБ есептеуі

Анықтама: кестеде БҰҰ FAO азық-түлік индекстері көрсетілген, олар АҚШ долларына шаққандағы теңгенің орташа айлық бағамы бойынша қайта есептелген. Қызыл түс – ішкі бағалар әлемдік бағалардан жоғары (теріс айырма), жасыл түс сыртқы бағалар ішкі бағалардан жоғары (оң айырма) екенін көрсетеді.

Өндірушілер бағасы


2025 жылғы шілдеде тамақ өнеркәсібінің көпшілік қосалқы салаларында өнім бағасы өскені байқалды. Басты фактор – ауыл шаруашылығы өнімін өндіру кезеңінде шикізаттың қымбаттауы. Өндірушілердің ірі қара мен құсқа, сүтке, сондай-ақ майлы дақылдарға белгілеген бағасы өсті. Өңдеу өнеркәсібі азық-түлік өнімдерін өндіруде пайдаланылатын шикізатқа деген сұранысты арттырды. Экспорттық жеткізілімдер көлемінің артуы ішкі нарықта өткізу тартымдылығын төмендетіп, ұсынысты азайтып, бағаның өсуіне ықпал етті.

Энергия ресурстары мен логистика шығындарын қоса алғанда, өндіріс шығындарының өсуі бағаға қосымша қысым түсіріп отыр.

Импортталатын азық-түлік тауарларының бағасы да ішкі өндірістің қымбаттауымен қатар өскені байқалады. ТМД елдерінен әкелінетін өнім сегментінде ет өнімдері, консервілер, ірімшік пен сүзбе, нан-тоқаш және кондитерлік бұйымдардың көтерме бағасы өсті. Бағаның өсуіне Ресейдегі жоғары инфляция мен теңгенің рубльге шаққандағы айырбас бағамының әлсіреуі басты себеп болды.


Ал ТМД-дан тыс елдерден келетін импорт анағұрлым баяу қарқынмен қымбаттап жатыр. Бұдан біз зәйтүн майы, ірімшік пен сүзбе, теңіз өнімдері, дәмдеуіштер, кофе, какао, шоколад және кондитерлік бұйымдар бағасының өскенін байқаймыз. Бұл теңгенің АҚШ долларына шаққанда әлсіреуіне және кей тауар түрлерінің әлемдік бағасы өскеніне байланысты болды.

7-график. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер бағасы, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

8-график. Азық-түлік тауарларының көтерме бағалары, %, ж/ж



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ